

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЛІПБИИ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА



Гаухар Бекішева,
ҚР Президенті Архивінің
архив қорларын сақтауды
қамтамасыз ету және
мемлекеттік есепке алу басқармасының
басшысы

Жасұлан Өзбеков,
ҚР Президенті Архивінің
архив қорларын сақтауды
қамтамасыз ету және
мемлекеттік есепке алу басқармасының
сарапшысы



Қазақ тілі әліпбиін латын қарпіне көшіру бастамасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған еді. 2017 жылы қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары басталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 21 қазандағы латын қарпі негізінде қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында әліпбидің 40-тан астам нұсқасы, сондай-ақ, қазақ тілінің емле ережелерінің жобалары мен пернетақтадағы әріптердің орналасу тәртібі қаралды.

Қазақстанда латын графикасы 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылғаны белгілі. Ол КСРО-ның басқа түркі халықтарының әліпбиін латындандырумен бір мезгілде әзірленіп, қабылданды. Бұл туралы тарихи деректер Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі №141 БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің қорында жинақталған. Онда қазақ әліпбиін араб қарпінен латын қарпіне көшіру мәселесіне қатысты хаттамалар, қаулылар, баяндамалар, дискуссиялардың жазбалары, жоспарлар мен есептер, жарғы және т.б. құжаттар сақталған.

Мысалы, ҚазКСР-ның Халық ағарту комитеті жаңа әліпбиге көшуге мүдделі бола отырып, бұл мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеп, кеңінен талқылауға ұсынды. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің №141 БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті қорының 1-тізімдемесі №1512 ісінде 1926

жылдың 10 желтоқсанында өткен Қазақ жазуын латындандыру мәселесі жөніндегі дискуссиялық кеңестің хаттамасы сақталған. Бұл кеңеске О. Жандосов, М. Жолдыбаев, А. Байтұрсынов, Ә. Байділдин және тағы басқа зиялы қауым өкілдері қатысқан.

Кеңесте алғашқы болып сөйлеген М. Жолдыбаев былай дейді: «...Қазақ халқы қысқа мерзім ішінде мәдени құрылыста үлкен жетістіктерге жетті, өзінің ұлттық мектебін қалыптастырды және мәдени даму жолына, тәжірибелеріне сүйене отырып мәдениет мәселелерін шешеді, өзінің ғылыми тілін дамытады, әдістемелер мен бағдарламаларын жасайды, қаріп туралы мәселені, яғни, орынсыз, ыңғайсыз араб шрифтінің жаңа араб шрифтімен ауыстыру туралы мәселені де бірдей қозғайды».

А. Байділдин «Жаңа (латын) әліпбиге көшу туралы» баяндамасында осы мәселенің тарихына тоқталып өтеді. Оның айтуынша алғаш рет араб әліпбиін латынға ауыстыру туралы мәселені шамамен XIX ғасырдың аяғында әзірбайжан ғалымы, драматург мырза Фатали Ахундов көтерген. Ол сол кезде өз отанында жеткілікті жақтаушыларды таппайды, өзінің жаңа латын әліпбиі жобасымен Константинополь (Түркия) мен Тегеранға (Иран) барады. Бұл елдердің консервативті билеушілері Ахундовке жаңашыл идеяларды таратуға тыйым салады. Кейіннен Әзірбайжан мен Татарстанда бұл мәселе 1905 жылғы революцияға байланысты көтеріледі.

1910–1913 жж. бұл мәселе Түркияның баспасөз беттерінде жаппай талқыланды және көптеген жақтастар табылды. 1914–1918 жж. соғыс және Түркиядағы революциялық дүмпулер уақытша бұл мәселені күн тәртібінен түсірген болатын. 1922 жылдан бастап бұл мәселе қайтадан қолға алына бастайды. Әзірбайжанда жаңа әліпби жақтастарының қатарына көрнекті қайраткерлер қосылды. Әзірбайжан ХКК төрағасы Н. Нариманов пен ОАК төрағасы С. Агамалыоглының қатысуымен 1922 жылы жаңа әліпбиді енгізу бойынша комитет ұйымдастырылды. Осы комитет жұмысының арқасында жаңа әліпби кеңінен қолданыла бастады. Комитет жаңа әліпбимен алғаш рет «Яни Юл» (Жаңа жол) атты газет басып шығарады. Содан кейін 1 және 2-сатылы мектептер үшін оқу құралдарын және әртүрлі саяси брошюралар шығара бастайды. Әзірбайжан үкіметі жаңа әліпбиді 1 және 2-сатылы мектептерге міндетті пән ретінде енгізеді.

Кейінірек осы мәселемен басқа түркі халықтары да айналыса бастайды. 1926 жылы Баку қаласында өткен Түркологиялық съезде бұл мәселе жалпы түркі халықтары ауқымында түбегейлі шешіледі. Әзірбайжандармен қатар якуттар, чуваштар, түрік-балқарлар және тағы басқа халықтар латын әліпбиін қабылдады. Дағыстан Үкіметінің басшысы Ж. Коркмасовтың басшылығымен жаңа әліпбиді жүргізу бойынша комитет жұмыс істей бастады. Өзбекстанда, Түркіменстанда, Қырғызстанда және Башқұртстанда жаңа латын әліпбиіне көшу мәселесі шешілді. Мәскеуде ҚазКСР халықтарының Орталық баспасөз комитетінде де латыншылар қауымдастығы құрылды. Ақырында бұл идея Қазақстанға да келді. Мұнда өз қызметін қоғам мен оның мүшелерінің мақсаттарын, құқықтары мен міндеттерін бекіткен Жарғыға негіздеген қазақ жаңа – латын әліпбиінің қоғамы, қысқаша – ЖАҚ (Жаңа әліпбешілер қоғамы) ұйымдастырылды.

Ә. Байділдин жоғарыда аталған баяндамасында араб әліпбиі мен латын әліпбиін салыстыра келе араб әліпбиінің мынадай кемшіліктерін атап өтеді:

- а) бір дыбысты бейнелеу үшін әртүрлі белгілердің қолданылуы;
- б) әліпбидің әр әрпінің нүктелері мен дәйекшелерінің шамадан тыс көптігі;
- в) жазудың оңнан солға, ал сандардың солдан оңға жазылуы;

г) ғылыми әдебиеттерде (геометрия, алгебра, химия, физика) латын таңбалары қолданылады, араб әліпбиінде ондай ғылыми терминдердің таңбалары кездеспейді;

д) араб әліпбиінде жаңа техникалардың (стенография, телеграф әліпбиі және т.б.) жетіспеушілігі;

е) полиграфия өнеркәсібіне қатысты белгілердің көптігі қосымша күш, қаражат пен уақытты ысырап етуге әкеледі.

Мұның бәрі Еуропа мен Американың алдыңғы қатарлы халықтарының латын әліпбиіне негізделген жалпыадамзаттық мәдениетін игеру жұмысын қиындатады.

А. Байтұрсынов болса бұған қарсы келесідей фактілерді алға тартады: «...Түркі халықтарының 90 %-ы араб қарпін қолданған, қазірде пайдалануда және тиісті жазбаша әдебиеті бар.

Мен осы қаріптегі барлық қолжазбалар мен кітап байлығын жазбаша мәдениет деп атаймын. Бір қаріптен екіншісіне ауысу үшін көп уақыт, мәдени күштер мен материалдық құралдар қажет. Мұндай мүмкіндік бізде ғана емес, түркі халықтарының көпшілігінде жоқ. Жаңа әліпби пен қаріпке көшуге байланысты шығындар 9-10 күндік немесе 9-10 миллион күндік іс бола алмайды. Сондықтан, бұл мәселе үлкен қоғамдық маңызға ие және жоғарғы деңгейдегі жауапкершілікті қажет етеді...

Латын жүйесінде әр әріп үшін екі белгі және сонымен қатар, бас әріптер жиынтығы бар. Батыс Еуропада бар латын әліпбиі біздің сөзіміздің дыбыстарын қанағаттандырмайды. Сондықтан, бұл қаріпті қабылдаған кезде де оны өзгерту керек еді. Біздің баспаханаларда тіпті форматталмаған латын қарпі жоқ».

Сонымен бірге, А. Байтұрсынов баяндамасының соңында мынадай қорытынды жасайды:

а) араб қарпі оқу мен жазуды жеңілдетеді;

б) оқу кезіндегі ыңғайлылық;

в) баспаханаға қолданудың артықшылықтары;

г) жазу машиналарына да қатысты сондай;



д) әріп құрамы қазақ емлесінің қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырады.

Архивте маңызды құжаттардың бірі – №141 БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті қорының 1-тізімдемесі №1560 ісінде сақталған Жаңа әліпбешілер қоғамының жарғысы. Жарғы 7 бөлімнен, 33 параграфтан құралған. Құжатта Жаңа әліпбешілер қоғамы өз алдына төмендегідей мақсаттар қойғаны туралы жазылған: а) қазақ халқы арасында жаңа (латын) әліпбиді енгізу және тарату идеясына барлық жақтаушыларды біріктіру және іс-әрекеттерді үйлестіру; сондай-ақ, жаңа түркі әліпбиі Орталық комитетімен және ұлттық республикалар комитеттерімен әліпби және фонетика мәселелері бойынша тұрақты байланысты қолдау және іс-қимылдарды үйлестіру; б) полиграфия өнеркәсібінің еңбек өнімділігін арттыру, сауаттылық пен ана тілін меңгеру процесін қамтамасыз ету және қазақ халқын әлемдік мәдениетке тарту қарқынын жеделдету мақсатында қазақ халқы арасында жаңа әліпбиді енгізу мен таратуға дайындық жасау және насихаттау; в) қазақ халқы арасында жаңа әліпбиді қиындықсыз енгізу мен тарату үшін дайындық жұмыстарын жүргізу.

Сондай-ақ, ҚР Президентінің Архиві №141 БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті қорының 1-тізімдемесі №2800 ісінде 1928 ж. 9–12 желтоқсандағы Жаңа қазақ әліпбиін жақтаушылар Аймақтық конференциясының қарары сақталған. Бұл конференцияда ХКК төрағасы Н. Нұрмақов сөз сөйлеп,

былай деді: «Жаңа латын әліпбиі – Қазақстандағы революция. Оны тезірек енгізу және іс жүзінде жүзеге асыру үшін революциялық жұмыс әдісі керек. Жаңа әліпбиді жаңа іс ретінде жүзеге асыру үлкен, елеулі қиындықтармен байланысты, оған көптеген еңбекшілерді тарту қажет». Конференция қарарында, атап айтқанда, фонетикалық негіздегі алфавиттерді біріздендіру, латын және жалпы түркі алфавиттерін біріздендіру және латындандырудың басқа да мәселелері туралы айтылады.

Аталған істе Халық ағарту комиссары (1927–1929 жж.) О. Жандосовтың ҚазКСР мемлекеттік өміріне жаңа әліпбиді енгізу туралы есебі бар. Мұнда 1929 жылдың 1 қазанына қарай маңдайшаларды, мөрлерді, мөртабандарды толық ауыстыруды аяқтау, іс қағаздарын жүргізуді жаңа әліпбиге көшіру жөніндегі жұмысты жүргізу және т.б. жоспарланғаны туралы ақпараттар жазылған.



Архивтің №708 Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің қорларында, сонымен бірге, Қазақстан К(б)П облыстық, қалалық және аудандық комитеттерінің қорларында және жеке қорларда латын қарпінде жазылған құжаттар тобы жинақталған. Олардың ішіндегі келесідей құжаттарды атап өтуге болады:

- Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы № 28 ауылдың аштыққа ұшыраған адамдарының тізімі (1931 ж.);
- Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері Д. Керімбаевтың Торғай ауданы атынан сайлауға қатысканы туралы куәлігі (1929 ж.);

- қызыл әскер Д. Керімбаевтың майданнан олардың отбасыларына материалдық көмек көрсету туралы 1943 жылғы 10 шілдедегі хаты;
- М. Әуезовтың А. Хангелдиннің «Дударай» пьесасына рецензиясы (1941 ж.) және т. б.

Әдебиет, тілшілік тапсырмаларының және мәселелерінің тізімі 1933 жылғы 26 ақпанда

№	Аты	Қысқартылған атауы	Мәліметтері					
			Қысқартылған атауы	Қысқартылған атауы	Қысқартылған атауы	Қысқартылған атауы	Қысқартылған атауы	
1	Қаһар	Қаһар	1	3	5	-	-	-
2	Қарабай	Қарабай	1	3	5	-	-	-
3	Еркін	Еркін	1	1	4	-	-	-
4	Алғашқы	Алғашқы	1	2	5	-	-	-
5	Берік	Берік	1	1	4	-	-	-
6	Аманжол	Аманжол	2	3	2	-	-	-
7	Қайыр	Қайыр	2	2	5	-	-	-
8	Ақтөбе	Ақтөбе	2	2	5	-	-	-
9	Аманжол	Аманжол	2	2	5	-	-	-
10	Берік	Берік	2	1	4	-	-	-
11	Ақтөбе	Ақтөбе	2	2	5	-	-	-
12	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
13	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
14	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
15	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
16	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
17	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
18	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
19	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
20	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
21	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
22	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
23	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
24	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
25	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
26	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
27	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-

Әдебиет, тілшілік тапсырмаларының және мәселелерінің тізімі 1933 жылғы 26 ақпанда

28	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
29	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
30	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
31	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
32	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
33	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
34	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
35	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
36	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
37	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
38	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
39	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
40	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
41	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
42	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-
43	Аманжол	Аманжол	1	1	4	-	-	-

Әдебиет, тілшілік тапсырмаларының және мәселелерінің тізімі 1933 жылғы 26 ақпанда

Әдебиет, тілшілік тапсырмаларының және мәселелерінің тізімі 1933 жылғы 26 ақпанда


Әдебиет, тілшілік тапсырмаларының және мәселелерінің тізімі 1933 жылғы 26 ақпанда

Бүгінде латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиіне қайта оралу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Үстіміздегі жылдың 28 қаңтарында ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Қазақ тілі әліпбиін латын қарпіне көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысын өткізді. Комиссия отырысында қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасы таныстырылды.

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ							
№	латынша	кирилше	әріптің атауы	№	латынша	кирилше	әріптің атауы
1	A a	А а	а	18	O o	О о	о
2	Ä ä	Ә ә	ә	19	Ö ö	Ө ө	ө
3	B b	Б б	бы	20	P p	П п	пы
4	D d	Д д	ды	21	Q q	Қ қ	қы
5	E e	Е е	е	22	R r	Р р	ыр
6	F f	Ф ф	фы	23	S s	С с	сы
7	G g	Г г	гі	24	Ş ş	Ш ш	шы
8	Ğ ğ	Ғ ғ	ғы	25	T t	Т т	ты
9	H h	Х х, Н н	һы	26	U u	У у	ұу
10	I i	Й й, И и	ий	27	Ū ū	Ұ ұ	ұ
11	H h	І і	і	28	Ū ū	Ү ү	ү
12	J j	Ж ж	жы	29	V v	В в	вы
13	K k	К к	кі	30	Y y	Ы ы	ы
14	L l	Л л	лы	31	Z z	З з	зы
15	M m	М м	мы				
16	N n	Н н	ны				
17	D ŋ	Ң ң	ңы				

*С, X, W таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік сөздерде қолданылады.

Жетілдірілген әліпбиде әріп саны – 31, әліпби тек латын әліпбиі базалық жүйесі таңбаларынан құралған. Бұл әліпбиде қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылған. Қазіргі ә(ä), ө(ö), ү(ü), ұ(ū) және ғ(ǵ), ш(ş) қазақ әріптері диакритикалық таңбалармен берілген. Әліпбиде халықаралық тәжірибеде қолданыста бар умляут (¨), макрон (˘), седиль (ˊ), бревис (ˋ) диакритикалық таңбалары қолданылған.



Әліпби қазақ тілінің жазу дәстүрінде орныққан «бір дыбыс – бір әріп» принципіне толық сәйкес келеді. Жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарланып отыр.